



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Іскерлік белсенділік жақсарды


2026 жылғы қаңтардағы іскерлік белсенділік туралы
ҚҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры Рүстем Оразалиннің
түсіндірмесі

Астана қ.

2026 жылғы 4 ақпан

2026 жылғы қаңтарда іскерлік белсенділік жақсарып, оң аймаққа оралды – **50,8** (2025 жылғы желтоқсанда – 49,9). Қызмет көрсету секторында белсенділік жақсарғаны сезіледі, онда индекс **52,1** болып, өсу аймағына ауысты (2025 жылғы желтоқсанда – 49,0). Ал өндіріс пен саудада индекс өсу аймағында қалып, **50,8 және 50,3** болды (2025 жылғы желтоқсанда – 52,0 және 51,3). Құрылыста **47,1** көрсеткішімен индекс жақсарғанына қарамастан, төмендеу аймағында қалып отыр (2025 жылғы желтоқсанда – 45,4), тау-кен өндіру секторында көрсеткіш **49,1-ге** (49,4) дейін төмендеді.

1-график. Іскерлік белсенділік индексінің (ИБИ)* динамикасы



* Көрсеткіш мәні 50-ден жоғары болса – оң өзгерісті, 50 төмен болса – кері өзгерісті білдіреді. Индекс мәні 50-ден қаншалықты алшақ (жоғары немесе төмен бағытта) болса, көрсеткіштің өсу қарқыны (артуы немесе кемуі) соғұрлым жоғары болады.

Бизнес жүргізудің бүгінгі жайы мен келешек жағдайын бағалау көрсеткіші төмендегендіктен, **бизнес-ахуал индексі (БАИ)** 2026 жылғы қаңтарда **4,4-ті** құрады (2025 жылғы желтоқсанда – 5,2). Бизнес-цикл «сағатының» индикаторы көтерілу мен өсу аймағының шекарасында орындалды.

Барлық секторда сұраныс динамикасында жақсару үрдісі байқалады, тек өндіріс саласында ғана өсім қарқыны біршама баяулады.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz